



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 34 БАСПАС ӘЗІРЛЕЙІЛІК
2002 жылғы 5 желтоқсан

Қаржы рыногындағы ахуал туралы

Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2002 жылғы қарашада инфляция 1,0% (2001 жылғы қарашада – 0,9%) болды. Бағаның өсуіне азық-түлік тауарларының – 1,2%-ке және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың – 0,9%-ке өсуі негізгі себеп болды. Халықта ақылы қызмет көрсетудің тарифтері 0,5%-ке қымбаттады.

Азық-түлік тауарлары құрылымында, мерзімдік фактордың өсері нәтижесінде, негізінен, жұмыртқаның бағасы – 10,7%-ке, көкөніс пен жеміс – 5,8%-ке, сүт тағамдары – 4,4%-ке қымбаттады. Осы уақытта, күріштің бағасы – 1,3%-ке, өсімдік майы – 0,8%-ке, қант – 0,7%-ке, үн – 0,3%-ке арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 2002 жылғы қарашада қымбаттауы бағаның жанармайға – 1,5%-ке, киімге – 1,2%-ке, аяқ киімге – 0,8%-ке өсуімен түсіндіріледі.

Ақылы қызмет көрсету тарифтерінің көтерілуі түрғын үй-коммуналдық қызметтер құнының – 0,6%-ке, оның ішінде ыстық сүмен қамтамасыз етудің – 1,3%-ке, газбен қамтамасыз етудің – 1,2%-ке, электр қуатының – 0,5%-ке қымбаттауы нәтижесінде болды. Сонымен бірге білім беру мекемелеріндегі қызметтер – 1,4%-ке, медицина және мәдениет мекемелеріндегі қызмет көрсетулер – 0,3%-ке өсті.

Жыл басынан бері (2002 жылғы қарашадан 2001 жылғы желтоқсанға қарай) инфляция 5,1% болды, оның ішінде азық-түлік тауарлары – 4,7%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,4%, халықта ақылы қызмет көрсету – 5,5% қурады.

2002 жылғы қарашада инфляцияның жылға шаққандағы деңгейі 6,1% болды (2002 жылғы қазанда – 6,0%).

Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. Ағымдағы жылдың қарашасында Қазақстан Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 2,6%-ке (немесе 80,5 млн.долл.)төмендеп, 3003 млн. долларға жетті. Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету мақсатында валюта сату ішкі валютарында Ұлттық Банктің валюта сатып алу көлемінен асып түсті, сондықтан таза валюта қорлары 84,1 млн. долл. қысқарды. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,5%-ке көбеюі нәтижесінде 3,6 млн. долл. өсіп, 558 млн. долларға жетті.

2002 жылғы 1 желтоқсанда елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, яғни Ұлттық қордың ақшаларын қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша - 1856,9 млн. долл.) бір ай ішінде 1,8%-ке өсіп, 4862,6 млн. доллар болды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы жылдың қараша айында төмендеуіне ақша базасының 2,4% (немесе 4,6 млрд. теңге) 187,5 млрд. теңгеге дейін азауы себеп болды.

Ағымдағы жылдың қазан айында ақша массасы 5,1%-ке өсіп 705,7 млрд. теңгеге жетті, яғни жыл басынан бастап 22,5%-ке көбейді. Экономиканың басқа (Үкіметтен басқа) секторларына банк жүйесі талаптарының өсуі салдарынан банк жүйесіндегі ішкі активтердің (Ұлттық қордың активтерін қоспағанда), сондай-ақ оның таза басқа активтерінің 19,9%-ке көбеюі ақша массасының өсуінің негізгі факторы болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (МО) қазан айында 5,5 %-ке 149,1 млрд. теңгеге (жыл басынан бастап 13,7 %-ке өсім) өсті, ал ақша массасы құрылымындағы банк жүйесінің депозиттері – 4,9%-ке (жыл басынан бері 25,1% өсім) көбейді. Қазан айында депозиттердің өсу қарқынымен салыстырғанда айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынының біршама алда болуы ақша массасы құрылымында депозитер үлесінің 79%-тен 78,9%-ке шамалы төмендеуіне себеп болды.

Ақша базасымен салыстырғанда ақша массасы өсу қарқынының алғашығуы салдарынан ақша мультиликаторының мәні қазан айында 3,66-дан 3,68-ге дейін көбейді.

Валюта рыногы. 2002 жылғы қарашада валюта рыногы тұрақтылықпен сипатталды - бір айдың ішінде теңгенің айырбас бағамы шамалы шекте: бір доллар үшін 154,12 - 154,88 теңгеге өзгерді. 2002 жылғы қарашада теңге АҚШ долларына қатынасы бойынша 0,27%-ке (2001 жылғы қарашада - 0,55%) құнсызданды және оның айырбас биржалық бағамы айдың аяғында бір доллар үшін 154,88 теңге болды.

Жыл басынан бастап теңгенің номиналды девальвациясы 2,61% (2001 жылғы қаңтар-қараша – 2,44%) құрады. Теңгенің орташа алынған айырбас бағамы 11 айда бір доллар үшін 153,56 теңге болды. Айдың аяғында ресми бағам бір доллар үшін 154,20 теңге деңгейінде белгіленді.

Қарашада биржалық операциялардың көлемі қазан айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 6,47%-ке өсті (өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 92,1%-ке) және 383,7 млн. долл. болды. Жылдың басынан бастап биржалық операциялар көлемі 2516,0 млн. долл. болды.

2002 жылғы қарашада биржадан тыс валюта рыногындағы операциялар көлемі азайды және жедел деректер бойынша 342,7 млн. долл. құрады, бұл өткен айдың көрсеткішінен 27,2%-ке төмен. 2001 жылғы қарашамен салыстырғанда операциялар көлемі 5,8%-ке көбейді. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі жедел деректер бойынша 4041,7 млн. долл. болды.

Бағалы қағаздар рыногы. 2002 жылғы қарашада *Казақстан Республикасы* Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары эмиссиясының көлемі 2002 жылғы қазанмен салыстырғанда 2,0 есеге өсіп, 8,8 млрд. теңгеге жетті, бұл олардың айналыстағы көлемін 7,8%-ке өсіріп, 114,0 млрд. теңгеге жеткізді.

Қараша айы ішінде қысқа мерзімді 12 айлық МЕККАМ, орта мерзімді 3, 4, 5 жылдық МЕОКАМ айналысқа шығарылды.

Қарашада 3 жылдық МЕОКАМ бойынша (8,15%-тен 7,54%-ке дейін) және 5 жылдық МЕОКАМ бойынша (8,47%-тен 8,37%-ке дейін) кірістілік төмендеді, ал орта мерзімді 4 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік өткен айдағы деңгейде қалды және 8,16%-ті құрады, қысқа мерзімді 12 айлық МЕККАМ бойынша кірістілік бұрынғы (02.09.02ж.) аукциондағы - 6,90% деңгейінде қалды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттар эмиссиясының қараша айындағы көлемі қазан айымен салыстырғанда 5,3%-ке 26,5 млрд. теңгеге дейін үлғайып, олар бойынша кірістілік 5,94%-тен 5,89%-ке дейін төмендеді. Айналыстағы ноттар көлемі 2,2%-ке 46,9 млрд. теңгеге дейін үлғайды.

Қарашада тікелей РЕПО мәмілелерінің көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда 3,9%-ке азайып, 67,0 млрд. теңге болды. Кері РЕПО операцияларының көлемі 1,7%-ке 3,7 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

Корпоративтік бағалы қағаздаррында 2002 жылғы қараша айының аяғында акциялардың колданыстағы эмиссиялары бар акционерлік қоғамдардың жалпы саны 3125 болды. Қараша айында жалпы номиналдық құны 1,3 млрд. теңге болатын акциялардың 7 эмиссиясы және жалпы номиналдық құны 7,5 млрд.теңге болатын мемлекеттік емес облигациялардың 2 эмиссиясы тіркелді. Жалпы номиналдық құны 225,2 млн. теңге болатын акциялардың 7 эмиссиясы жойылды.

Қараша айында бағалы қағаздаррында 50 брокер-дилер, 21 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 2 өзін-өзі реттейтін ұйым және бағалы қағаздар портфелін басқаратын 4 ұйым жұмыс істеді.

Қазан айында акциялар мен мемлекеттік емес облигациялар бойынша сатып алу-сатудың биржалық мәмілелерінің көлемі 7,8 млрд. теңге болды, бұл қыркүйек айна қарағанда 65,1% көп. Биржадан тыс рыноктағы сатып алу-сату мәмілелерінің көлемі 1,3 млрд. теңге болды.

Депозиттың қараша айындағы өткендегі ставка. 2002 жылғы қазан айында, өткен айдағыдан, банктардің ресурстық базасы негізінен халықтың және кәсіпорындар депозиттерінің қосымша көлемінің ағылуы есебінен одан әрі үлғайды. Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі бір ай ішінде 4,9%-ке (ағымдағы жылдың басынан бері - 25,1%-ке) өсті және 556,6 млрд. теңге (3,6 млрд. доллар) болды.

Занды тұлғалардың депозиттерінің көлемі қазан айында 322,7 млрд. теңге болып, 6,8 %-ке өсті. Ағымдағы жылдың басынан бастап занды тұлғалардың депозиттері 24,1%-ке өсті.

Қазан айында халықтың депозиттерінің өсу үрдісі жалғасты. Халықтың (резидент еместердің қоса алғанда) депозиттері бір айда 239,1 млрд. теңгені (1,5 млрд. доллардан астам) құрай отырып 2,5 %-ке, жыл басынан бастап – 28,5%-ке өсті.

Халықтың мерзім бойынша салымдары құрылымында мерзімді депозиттердің жеке үлес салмағы – 80,9%-ке дейін (қыркүйекте – 80,7%) шамалы гана өсті.

Депозиттер бойынша кірістілік деңгейі әр бағытта – жеке тұлғалардың теңгемен орналастырылған мерзімді депозиттері бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 9,4%-тен 10,8%-ке дейін өсті, ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша осындағы ставка 5,5%-тен 5,3%-ке дейін төмендеді.

Кредит рыногы. Ресурстық базаның өсуі жағдайларында кредиттік рыноктағы банктердің белсенді саясаты жалғасуда. Қазан айында экономикадағы банктер кредиттерінің жалпы көлемінде негізгі борыштың жалпы көлемі 5,4%-ке көбейді және 620,6 млрд. теңге болды.

Орта және ұзақ мерзімді кредиттер бойынша негізгі борыш 7,2%-ке 357,3 млрд. теңгеге дейін, ал қысқа мерзімді кредиттер бойынша 263,3 млрд. теңгені құрай отырып 3,1%-ке өсті. Нәтижесінде, орта және ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 56,6%-тен 57,6%-ке дейін ұлғайды.

Кредиттер құрылымында валютаның түрлері бойынша шамалы өзгерістер болды. Банктер кредиттерінің жалпы көлемінде ұлттық валютамен кредиттердің үлес салмағы 31,9% (қыркүйекте – 33,2%) болды, осыған орай шетел валютасымен кредиттер бір айдың ішінде 7,4%-ке 422,8 млрд. теңгеге дейін, ал теңгелік – 1,3%-ке 197,9 млрд. теңгеге дейін өсті.

Қазан айында банк кредиттері бойынша кірістілік шамалы ғана ұлғайды. Занды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған ставкасы 15,5% (қыркүйекте – 15,3%), жеке тұлғаларға – 24,4% (24,1%) болды.

Банк секторы. 2002 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 38 банк қызмет етті, оның ішінде мемлекеттік – 2, шетелдің катысуымен (резидент емес банктерінің еншілес банктерін қосқанда) – 17.

2002 жылдың қазан айында банк секторының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер динамикасының он үрдістері байқалды. ҚРҰБ Басқармасының 03.06.2002 ж. № 213 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелген банктердің жиынтық меншік капиталы 1,9%-ке өсті және 150,3 млрд. теңге болды. Банктердің жиынтық активтері 1,5%-ке өсіп, 1,0 трлн. теңгеге жетті, ал міндеттемелер – 1,3%-ке өсті және 882,5 млрд. теңге болды.

Кредиттердің өсуі банктердің кредиттік портфелінің сапасын төмендеткен жоқ. 01.11.02 жылғы жағдай бойынша банктердің жиынтық кредиттік портфеліндегі стандарттық кредиттердің үлес салмағы 69,2%, күмәнді және үмітсіз кредиттер тиісінше – 29,3% және 1,5% болды.

Сақтандыру секторы (алдын ала деректер бойынша). 2002 жылғы 1 қарашада 34 сақтандыру үйімі жұмыс істеді, оның ішінде шетелдің катысуымен – 3 және өмірді сақтандыру бойынша – 1.

2002 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының сақтандыру үйімдарының жиынтық активтері 6,6%-ке (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 40,7%) өсті және 20,4 млрд. теңге болды. Сақтандыру резервтері 12,8%-ке (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 33,5%) өсті және 11,2 млрд. теңге болды. Жиынтық меншік капиталы 1,4%-ке (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 54,6%) өсіп, 7,6 млрд. теңге болды.

2002 жылғы қазанда сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 14,1%-ке (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 73,4%) өсті және 18,5 млрд. теңге болды, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі – 20,4%-ке (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда – 14,3%) өсті және 1,8 млрд. теңгеге жетті.